



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

25.07.2022-ғы № 21-14/3111 дз шығыс хаты
26.07.2022-ғы № 2836//21-14/3111 дз кіріс хаты

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)

2022 жылғы 3 маусымдағы
№16-13-133Д/С сауалға

Құрметті депутаттар!

Алматыдағы спорт сарайындағы жастарға арналған «ИК» тобы мен А.М.Жолшиевтың («Шиза» лақап аты бар әнші) концертінде орын алған келеңсіз оқиғаға қатысты депутаттық сауалыңызға келесіні хабарлаймын.

«Ирина Қайратовна» тобының концертіндегі Шиза лақап атты әншінің сахнадағы өрескел әрекетіне қатысты.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының ақпаратына сәйкес А.Жолшиевке қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 440-бабының 1-бөлігі (*алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу*) бойынша хаттама толтырылып, оған 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

Қоғамдық орында былапыт сөздер сөйлеу фактісі бойынша Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мамандандырылған сотының 2022 жылғы 28 мамырдағы қаулысымен А.Жолшиевке Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігі (*ұсақ бұзақылық*) бойынша 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды.

Сондай-ақ аталған іс-шараны (концертті) ұйымдастырушы А.Ш.Нурмагамбетов Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 488-1-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылып, оған 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды (*құқық бұзушылық қысқартылған іс жүргізу тәртібінде қаралды*).

Мемлекеттік рәміздерді қорлау бойынша Заңның баптарын барынша қатайтуды, белгіленген айыппұл мөлшерін екі есе көбейтуді және жаза мерзімін 5 жылға дейін ұзарту талабыңыз бойынша.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің «Мемлекеттік рәміздерді қорлау» деген 372-бабында көзделген жауапкершілікті қатаңдату, соның ішінде ең жоғары айыппұлды 2000-нан 3000 АЕК-ке дейін ұлғайту және қоғамдық жұмыстарға тартудың ең ұзақ мерзімін 600-ден 900 сағатқа дейін ұлғайту бойынша түзетулер мүдделі мемлекеттік органдармен пысықталуда.

«Мәдениет туралы» Заңға концерттер және т.б. мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастырушылар мен жекелеген өнер өкілдерінің халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ететін баптар енгізуді, әдепсіздік көрсеткен, былапыт сөз айтқан есірткіге елігіп, ішімдік ішкен әншілерді 5 жылға дейін сахнадан аластату талабыңыз бойынша.

ҚР-сы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі - МСМ) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу тәртібі және оларды ұйымдастырушылардың міндеттері Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңында қарастырылғанын, алайда бұл міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершілік ұйымдастырушы мен орындаушы арасында тек азаматтық-құқықтық шартпен реттелетінін атап өтуде.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды және т.б. өткізу барысында көрермендермен қарым-қатынас кезінде әртістердің әдепсіз мінез-құлық танытқаны үшін ұйымдастырушыларға жауапкершілікті қарастыру бойынша мүдделі мемлекеттік органдарға тапсырма берілді.

Сонымен қатар ұйымдастырушылардың тиісті қызметін немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтату және тыйым салу, сондай-ақ әншілерді 5 жылға дейін сахнадан шеттету креативті индустрияны нарығының дамуына теріс әсер етуі мүмкін.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп вандализм үшін жауапкершілікті қатаңдату жөніндегі келісім бойынша ұсақ бұзақылық жасағаны үшін санкцияларды ұлғайтуды көздейтін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне заңнамалық түзетулерді әзірлеп (434-бабы), олардың шекті мөлшерлерін белгіледі:

1) 1-бөлім бойынша – 5-тен 20 АЕК-ке дейін айыппұл, сондай-ақ әкімшілік қамауға алудың ең төменгі шегі 5-тен 15 тәулікке дейін;

2) 2-бөлім бойынша – әкімшілік қамаққа алудың ең төменгі шегі 15-тен 30 тәулікке дейін.

МСМ жанынан репертуарлық алқа мен республикалық және өңірлік көркемдік кеңестердің жұмысын күшейту талабыңыз бойынша.

МСМ ақпаратына сәйкес 10-нан астам көркемдік кеңес жұмыс істейді. Олардың бірі – Музыкалық және концерттік қызмет жөніндегі көркемдік кеңес.

2021 жылдан бастап мұражай-кітапхана ісі, театр-цирк өнері, музыкалық-концерттік қызмет бойынша өңірлік көркемдік кеңестер жұмыс істейді. Олардың функцияларына мемлекеттік коммуналдық театрлардың, цирктердің, мұражайлардың, кітапханалардың және концерттік ұйымдардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу кіреді.

Сонымен қатар репертуарлық саясат жұмысын күшейту бойынша МСМ әзірлеген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі мәдени саясаты тұжырымдасының жобасына отандық авторлардың жаңа қойылымдарының санын 90 бірлікке дейін арттыру мақсатты индикаторы енгізілді. Осы көрсеткішті іске асыру шеңберінде салалық және өңірлік көркемөнер кеңестерінде жаңа туындыларды қарау, сондай-ақ мәдениет мекемелерінің сайттары мен әлеуметтік желілері арқылы халықтың өнер туындыларын көруге қолжетімділігін кеңейту ұсынылуда.

Бұқаралық мәдени шараларды өткізу мен жүргізу талаптарына халықтың салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпын сақтау мен сыйлау ережелерін енгізуді, осы талаптарды бұзған шығармашыл ұйымдар қызметіне 5 жылға дейін шектеу қою талабыңыз бойынша.

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабымен ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру тәртібі бекітілген, оған сәйкес осы іс-шараларды ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғыс, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған, сондай-ақ жалпыға бірдей қабылданған мораль мен имандылық нормаларына қайшы келетін контентті пайдаланбауға міндетті. Сондай-ақ Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (*Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 1 қаңтардағы және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 қаңтардағы бірлескен бұйрығымен*) қолданылуда.

Осылайша, осы бап Қазақстан халқының жалпы қабылданған этикалық нормаларын сақтау мәселелерін жеткілікті дәрежеде қамтиды деп санаймыз.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында тұр.

Ә. Смайылов

орын. А. Рахимова
тел.74-53-47